

## ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ

# Нұрлы жолмен баянды болашаққа қадам жасайық

Рахымбек КАМАЛДИНОВ,  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан  
Мемлекеттік университетінің  
Тәрбие ісі және жастар саясаты  
департаментінің директоры,  
Шымкент қаласы

Бүгінгі таңда еліміз –  
қызын кезеңдерді бастан  
өткеріп, тарих сыйнынан  
сүрінбей өтіп, жаңа даму  
жолына түскен мемлекет-  
тердің бірі.

Сан ғасырлық көне тарихы  
бар еліміз, тәуелсіздік жылдары  
да өзінің бірегей бітім-болмысын  
жоғалтпай, әлемге танылды. Кең  
байтақ даламыздығы түрлі үлттар  
мен ұлстарды бір мақсатқа тоғы-  
стырып, еліміздің іргесін бекітіп,  
көсегесін көгерте түскен Елбасы-  
мыз Н.Назарбаевтың сарабдал  
саясаты. Бүгінде еліміз дамудың  
жаңа деңгейіне көтеріліп, әлемдегі  
бөсекеге қабілетті 50 мемлекеттік  
қатарына қосылды. Индустрималь-  
дық-инновациялық бағдарламалар  
шеберінде ел экономикасы  
өркендеп, қарыштап дамуда.

Қазіргі таңда бүкіл әлем ел-  
дерінің экономикасы курделі ке-  
зенди бастан өткізу. Кейір мемлекеттер  
жаңандық қаржы-  
экономикалық дағдарыстан шыға-  
алмай жатса, ал кейір елдердің  
экономикалық дамуы құлдырау  
устінде. Геосаяси дағдарысы пен  
жетекші елдердің санкциялық сая-  
саты секілді үдерістер де әлемдік  
экономиканың бір бөлшегі ретінде  
Қазақстанға да тікелей ықпал ету-  
де. Әлем елдерінің экспортталағын  
шикізат ресурстары бағасының  
тәмендеуі де ел экономикасының  
дамуын баяулатуда. Еліміз үшін  
осы бір курделі кезеңде жаңандық  
сын-қатерлерге жауап ретінде Ел-  
басымыз Нұрсұлтан Назарбаев  
«Нұрлы жол – болашаққа бастар  
жол» атты Жолдауын жариялады.

«Нұрлы жол» бұл жаңа эконо-  
микалық саясат, еліміздің дамуына  
тың серпін беретін құжат. Биылғы  
Жолдау еліміздің әлеуметтік-  
экономикалық әлеуетін одан әрі  
жақсартуға бағытталған іс-шара-  
лардың жоспары. Бұл жолы да  
Елбасымыз көрегендік танытып,  
әлемде орын алған қаржы дағда-  
рысының алдын алып, «Нұрлы  
жол» жаңа экономикалық саяс-  
тымен еліміздің экономикасының  
даму бағыттарына қайта бағдар-

лау жүргізді. «Ерте қамданған-  
ның ертеңі жақсы» деген халық  
қағидатын басшылыққа алған Ел-  
басымыз Н.Назарбаев Жолдау-  
да: «Таяудағы жылдар жаңандық  
сыйнақтардың уақыты болады.  
Әлемнің бүкіл архитектурасы өз-  
гереді. Барлық елдер осы күрделі  
кеңеңнен лайықты ете алмайды.  
Бұл шептен тек мықты мемлекет-  
тер, жұдышықтай жұмылған халықтар  
ғана өтетін болады» деп  
ерекше атап өтті. Жұдышықтай  
жұмылғып, татулық пен тұтастықты  
сақтай отырып, ел экономикасы  
мен халықтың әл-куатын арттыру  
жолында аянбай тер төгіп, еңбек  
етуге шақырып отыр. Жолдауда  
айтылған негізгі өзекті мәселелер,  
ол еліміздің экономикасын одан  
әрі жетілдіруге, көліктік, энер-  
гетикалық, индустриялық және  
әлеуметтік инфрақұрылымдарды,  
шағын және орта бизнесі дамытуға бағыт-  
талған.

Мемлекет басшысы өз сезінде:  
«Мықты мемлекет құнқорғасын  
саясатымен емес, жоспарлау саяс-  
тымен, ұзақ мерзімді дамумен және  
экономикалық өсүмен айналыса-  
ды» деп айтқандай, бұл кезекті  
Жолдау да «Мәңгілік Ел» мұратына  
«Нұрлы жолмен» жаңа экономикалық  
саясатты жүзеге асыра отырып  
жетуді жоспарлап отыр.

Еліміздің дамуының саяси  
бағыты, тұпқазығы «Мәңгілік Ел»  
идеясын жүзеге асыру жолын  
бастап Елбасы Н.Назарбаев  
тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел»  
етуді мұрат етіп отырмыз.  
Осы арман мұратымызды  
жүзеге асыру жолында негізгі  
мәселелер де Жолдауда баса  
айтылды. Осы орайда Елбасымыз  
«Нұрлы жол – болашаққа бастар  
жол» атты Жолдауын жариялады.

Ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол  
«Қазақстан-2050» Стратегиясы-  
ның ғана емес, ХХI ғасырдағы Қазақстан  
мемлекеттің мызығымас  
идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстан-  
дық патриотизм дегеніміздің өзі  
– Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан  
қоғамының осындай ұлы  
құндылығы».

Біздің ата-бабаларымыз өсі-  
ет етіп қалдырган Мәңгілік Ел  
идеясын жүзеге асыру бүгінгі аға-  
буын өкілдеріне бүйірған екен.  
Бүгінде ол мемлекеттілігіміздің  
негізгі жалпыұлттық идеясына ай-  
налып отыр. М.Әуезов атындағы  
ОҚМУ-дың жастары Елбасымыз  
Н.Ә. Назарбаевтың «Мәңгілік Ел»  
ұлттық идеясынан рух алып, ұлт  
кешбасшысының саяси курсын қол-  
дауға бүкіл Қазақстандық жастарды  
біркітіру мақсатында Жастар  
қозғалысын құру туралы баста-  
ма көтеріп, ашық дауыс арқылы  
«Мәңгілік Ел» Жастар қозғалысы»  
қоғамдық бірлестігін құрды және  
де өткен жылы еліміздің барлық  
жастарына үндеу жариялаған бол-  
латын. Бүгінгі таңда университет  
студенттері «Мәңгілік Ел» Жастар  
қозғалысы» қоғамдық бірлестігі  
аясында көптеген ігі істерді жүзеге  
асыруды. «Мәңгілік Ел» жалпы-  
ұлттық идеясын өміршеш өтедегі  
маңызды факторлардың бірі – ол ел  
бірлігі. «Бірлігі бар ел озады» де-  
гендей, біздің қол жеткізген барлық  
жетістіктеріміздің негізгі себебі ол –  
елдің ауызбіршілігі мен татулығы.  
Елбасы Жолдауда осы мәселені  
де дөп басып айтты: «Біздің кейінгі  
үрпаққа аманаттар ең басты бай-  
лығымыз – Ел бірлігі болуы керек.  
Осынау жалпыұлттық құндылықты  
біз әрбір жастың қойына сіңіре  
білуге тиіспіз». Елімізде 130-дан  
астам ұлттың өкілдері Қазақстан  
Халқы Ассамблеясы төңірегіне  
топтасып, этносаралық көлісім  
мен толеранттылық негізінде тір-  
шілік кешуде. Қазақстан халқының  
достығы мен татулығын көзіміздің  
қарашығында сақтап, тәуелсіздік  
пен тұрақтылықты қоғамның бас-  
тың құндылығы ретінде жастардың  
бояйна сіңіре білуіміз қажет. «Жұ-  
мыла көтерген жүк жөніл» деген-  
дей, тек бірлігі күшті ел ғана осынау  
қызын кезеңнен сүрінбей өтеді. 2015  
жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының  
20 жылдығы салтанатты  
турде атап өтіледі. Ұлт қөшбасшы-  
сы Н.Назарбаев «Нұрлы жол –  
болашаққа бастар жол» атты Жолдауында:  
«Біз 2015 жылды Қазақстан  
халқы Ассамблеясы жылы деп  
жариялады. Елдің тұтастыры мен  
бірлігі, татулығы мен тыныштығы  
ең басты назарда» деп саяси мәні

зор атаулы мерейтойға ерекше  
мән беріп отыр. 30-дан астам ұлт  
өкілдері білім алып жатқан университеттімізде де ұлтаралық татулық  
пен ынтымаққа ерекше мән берілген.  
Жастар арасында татулық пен  
бірлік – біздің басты байлығымыз  
деген түсінік қалыптастан. Саяси  
сана-сезімі мен белсенділігі  
жогары жастардың бастамасымен  
2003 жылдан университеттегі  
студенттік Кіші Ассамблея құрылған  
болатын. Білім алып жатқан түрлі  
ұлт өкілдерін топтастырган бұл  
үйім, этносаралық көлісім мен  
толеранттылықтың, ұлттық мәдениет  
пен салт-дәстүрлердің дамытып,  
насихаттаудың озық үлгісі болып  
табылады. 2012 жылдан бастап  
бұл үйимнің атауы «Достық»  
деп өзгерілді, оның құрамында  
30-дан астам ұлт өкілдері,  
1700-ден астам студенттер жұмыс  
жасауда. Студенттеріміз мәдени  
тұрғыдан өзара ынтымақтасуы  
және әр ұлттың өз әдет-ғұрыпта-  
рын дәріптеп отыруы үшін көп-  
теген іс-шаралар атқаруда. Клуб  
мушелері университет көлемінде  
ғана емес, тіпті қала, облыс және  
республика деңгейіндегі түрлі  
іс-шараларға белсенді түрде қаты-  
сып, ұлттық мәдени орталықтар-  
мен тығыз жұмыстар жасап келеді.  
Сонымен бірге еліміз бұл жылы  
Қазақ хандығының 550 жылдығын,  
Ата заңымыздың 20 жылдығын,  
Ұлы Женістің 70 жылдығын атап  
өткелі отыр. Бұл мерейтойлар  
асқан ерлік пен отаншылдықтың,  
қайсарлық пен қаңармандықтың  
мерекесі. Осы атаулы тарихи  
оқиғалар жастардың бойына Жаңа  
Қазақстандық патриотизмі сініру-  
де айрықша мәнге ие. Өскелен ұр-  
пакты отаншылдық, ұлттық рухта  
тәрбиелу – бүгінгі зиялы қауымы-  
ның алдында тұрган міндеттердің  
бірі. Тәуелсіз еліміздің мұддесімен  
қатар, болашақ ұрпақтың рухының  
сақталып, нығаюна ықпал ететін  
әрбір тарих тағылымына ерекше  
мән беруіміз қажет.

Бүгінгі таңда университет ұжыны  
жаңа мүмкіндіктерді пайдалана  
отырып, заманауи жаңа  
технологияларды менгерген, жаңаша  
ойлайтын білімді мамандар  
дайындауда. Біздің мақсаты-  
мыз – студенттерімізге тиісті білім  
беріп қана қоймай, оларды руха-  
ни жағынан кемелденген тұлға  
ретінде тәрбиелу болып табылады.  
«Мәңгілік Ел» болуды мұрат  
етіп отырган еліміздің болашағы  
отаншыл, ұлтжанды, тәрбиелі ұр-  
пактың қолында. Ендеше Елбасы-  
мыз нұсқаған «Нұрлы жолмен» ба-  
янды болашаққа қадам жасайық!

Еліміздің дамуының саяси бағыты, тұпқазығы «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру жолында енбек ету бүгінгі күннің негізгі қағидасына айналып отыр. Бүгінгі таңда тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат етіп отырмыз. Осы арман мұратымызды жүзеге асыру жолында міндеттерді орындаудағы негізгі мәселелер де Жолдауда баса айтылды. Осы орайда Елбасымыз «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында былай деді: «Біз жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігіміздің бекемдел, аянбай тер тәгүіміз керек. Мәңгілік Ел – елдің біркітіруші күші,

Жолдауда айтылған негізгі өзекті мәселелер, ол еліміздің экономикасын одан әрі жетілдіруге, көліктік, энергетикалық, индустриялық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды, шағын және орта бизнесі дамытуға бағытталған